23587829670

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН
ШЕШІМ

2026 жылғы 5 қаңтар №1112-25-00-2/3220 Көкшетау қаласы

Ақмола облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья А.А.Жакупов,
сот отырысының хатшысы А.Б.Байбекова,
ашық сот отырысында азаматтық істі қарап:

ТАЛАПКЕР:
«Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданының ауыл шаруашылық, кәсіпкерлік және ветеринария бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Солтүстік Тазалық» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАПКЕРДІҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАРЫ:
талапкер өкілі О.А.Аренов,
жауапкер өкілі Н.М.Шайкенов

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

«Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданының ауыл шаруашылық, кәсіпкерлік және ветеринария бөлімі» КММ (тапсырыс беруші, бұдан әрі - талапкер) және «Солтүстік Тазалық» ЖШС (өнім беруші, бұдан әрі - жауапкер) арасында 2025 жылғы 24 шілдеде №49 тауарларды мемлекеттік сатып алу шарты жасалды (бұдан әрі - шарт).

Қазынашылықта шарт 2025 жылғы шілденің 24 тіркелген.

2025 жылғы желтоқсанның 31 шарт талапкермен бұзылды, себебі жауапкер шарт бойынша міндеттемелерді орындамады.

Құжатқа қол қойылған: Жакупов А. А., 13.01.2026
Заңды күшіне енген күні: 04.03.2026, судья Жакупов А. А., 17.03.2026
1112-25-3-1/3185

Талап қоюшы талабын жауапкер шарт бойынша міндеттемелерді орындамағанымен негіздеген.

Сотта талапкер өкілі талап қоюды қолдады.

Сотта жауапкер өкілі талап қоюды мойындамады өйткені техникалық ерекшелік дұрыс жасалмағандықтан шарт бойынша міндеттемелерді тиісті түрде орындауға мүмкін емес.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 сәуірдегі «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 8 бабы 4 тармағы 3 тармақшасында мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізімі, өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді. Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті. 5 тармағында осы баптың 4 тармағы бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізімі заңды күшіне енген сот шешімдерінің негізінде қалыптастырылады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 272-бабына сай (бұдан әрі-АК), міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

АК-нің 349-бабына сәйкес, міндеттемені орындамау, не тиісті дәрежеде орындамау (мезгілінде орындамау, тауарлар мен жұмыстарды толық орындамау, міндеттеме мазмұнында белгіленген басқа жағдайларды бұзып орындау) - тиісінше орындамау оның бұзылуы деп түсініледі.

Жоғарыда көрсетілген шарт бойынша жауапкер «Солтүстік Тазалық» ЖШС екі ай ішінде, яғні 2025 жылғы 24 қыркүйегіне дейін, талапкерге тауарды жеткізуге міндетті болды.

Алайда талапкерге тауар жеткізілген жоқ.

Керісінше жағдайлар және техникалық ерекшелік дұрыс жасалмағандықтан шарт бойынша міндеттемелерді тиісті түрде орындауға мүмкін еместігі сотта жауапкермен дәлелденбеген.

Талапкердің талаптары бойынша сотқа талап қою беруге отыз күндік мерзім өткізілмеген.

Сондықтан жауапкер мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы ретінде тануға жатады.

Құжатқа қол қойылған: Жакупов А. А., 13.01.2026
Заңды күшіне енген күні: 04.03.2026, судья Жакупов А. А., 17.03.2026
1112-25-3-1/3185

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданының ауыл шаруашылық, кәсіпкерлік және ветеринария бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Солтүстік Тазалық» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде тану туралы талап қою қанағаттандырылсын.

«Солтүстік Тазалық» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылысын.

«Солтүстік Тазалық» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге көлемінде мемлекет пайдасына мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге бір ай ішінде шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап осы сот арқылы Ақмола облыстық сотының азаматтық істер бойынша сот алқасына апелляциялық шағым және (немесе) прокурорлық өтінішхат берілуі (келтіруі) мүмкін.

Судья **А.А. Жакупов**

Құжатқа қол қойылған: Жакупов А. А., 13.01.2026

Заңды күшіне енген күні: 04.03.2026, судья Жакупов А. А., 17.03.2026

1112-25-3-1/3185